Қазақстан Республикасы
Оңтүстік Қазақстан облысы
«KAZ SAPA INVEST»
Жауапкершілігі Шектеулі
Серіктестігі

Товарищество с ограниченной
ответственностью
«KAZ SAPA INVEST»
Республика Казахстан
Южно-Казахстанская область

Юр. адрес. Индекс 160500, Мактааральской район, г.Жетысай, ул.Жантурина, дом №2, тел: 8 (72534) 79 000, akoia@mail.ru,

Шығ: 014-18
10.05.2018 жыл

**Оңтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік
қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің тәртіптік
комиссиясына**

**Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі
мемлекеттік аудит департаментінің басшысына**

**Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік
сатып алу басқармасының басшысына**

**Мақтаарал ауданының білім бөлімінің
басшысына**

Ш А Ғ Ы М

«Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» №2382148-1 "Мақтарал ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне компьютер сатып алу ашық конкурс жариялаған. Аталған ашық конкурсқа «KAZ SAPA INVEST» ЖШС қатысқан болатын. Осыған орай 14.04.2018 жылы құжаттаманы қайта қарау бойынша толық мазмұнда 2-ші қосымшаны толықтырып жібердік. Кейінен 10.05.2018 жылы №2382148-ОК1 қорытындылар хаттамасын қалыптастырған. Аталған қорытынды хаттамада *«Заявка на участие в конкурсе определена не соответствующей требованиям конкурсной документации; - Предоставление потенциальным поставщиком технической спецификации не соответствующей требованиям конкурсной документации: - Не соответствия технической спецификации предложенного Процессора (системный блок) по типу поддерживаемой памяти»* деп БАС ТАРТУ себептеріне негіздеме жасаған. Осыған орай Мақтарал ауданы білім бөлімінің басшысымен бекітілген техникалық ерекшелігінде *«Типы поддерживаемой памяти не хуже – DDR4- 2400 МГц»* деп талап етілген. Аталған ашық конкурстың 2-ші қосымшасында «KAZ SAPA INVEST» ЖШС-гі Процессордың жадының қолданылу түрі (типу поддерживаемой памяти процессора) *«Параметры поддержки оперативной памяти ЦП: Тип памяти DDR3 L, DDR4*

Минимальная частота оперативной памяти DDR - 2400 МГц» деп көрсеткен болатынбыз. Яғни жоғарыдағы аталған техникалық ерекшелікте ешқандай құқық бұзушылық жоқ ендігі белгілі.

Осы аталған ашық конкурстың «конкурстық баға ұсынымына әсер ететін, критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпаратты» толық қайта қарап, жұмыс тәжирибесіндегі бағанада шартты жеңілдіктерді есептемеген.

Ашық конкурсты келесі жағдайлар бойынша ЗАҢСЫЗ деп тауып, ҚАЙТА ҚАРАУДЫ және КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТТЫП ЖАЗАЛАУЛАРЫҢЫЗДЫ сұраймын:

"СтройПроектЭКСПО" жаупкершілігі шектеулі серіктестігі Ашық конкурстың 2-ші қосымшасында КОМПЬЮТЕР мен ОСЫ КОМПЬЮТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ҚҰРАЛ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ Атауын, Маркасын, Модельін, Шығарушы елін, Өндірушіні ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНДЕ *(Процессор, Оперативтік жады, Қатты диск, Оптикалық жетект, Қорап, Тоқ көзі, Аналық плата, Тінтуірге арналған алаша, Пернетақта, Тінтуір, Қуат жолағы, Монитор)* НАҚТЫ көрсетпеген. Кейінен ***Пернетақта мен тінтуірдің сымының ұзындығын нақты техникалық ерекшелікте ұсынбаған, қуат жолағында 5 тоқ көзін (розетка) көрсеткен (ұсынылған техникалық ерекшелікте 6 тоқ көзі (розетка) талап етілген), тінтуірге арналған алашаның өлшемі (размер) сәйкес келмейді, монитордың өлшемі (техникалық ерекшелікте 19,5 дюм, 20 дюм, 21,5 дюм деп бір ғана мониторға әр түрлі өлшем (размер, дюм) ұсынған) сәйкес келмейді, тоқ көзінің техникалық ерекшелігінде екі әр түрлі данасын ұсынған.*** Кейінен ***оперативтік жадын (опертивный памят), оптикалық жетегін (оптический привод DWD), аналық платаны (материнская плата), қорапты (корпус-кейс)*** техникалық ерекшеліктерін ұсынбаған, **ЯҒНИ КОМПЮТЕРЛІК ҚҰРАЛ ЖАБДЫҚТАР ЖИЫНТЫҚТА ЖОҚ, ТОЛЫҚ КОМПЬЮТЕРДІ ЖЕТКІЗБЕЙТІНІ** мәлім. Мақтарал ауданы білім бөлімінің басшысымен бекітілген техникалық ерекшеліктерді ЖӘЙ ҒАНА КӨШІРІП қойған.

Бұл әрекеттерімен,

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11 бабының 1 тармағында көрсетілген конкурстың жеңімпазы болуына мүмкіндік берген анық емес ақпарат ұсынған.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы заңының 3-ші тармағында, құрал жабдықтарлың атауын, маркасын, модельін, шығарушы елін және өндірушіні нақты техникалық ерекшеліктерде көрсетпеген.

Мұндай жағдайда,

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11 бабының 1 тармағына сәйкес "СтройПроектЭКСПО" ЖШС-гі Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу қажет.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы заңының 3-ші тармағында Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар 2-ші бөлігінде сатып алынатын тауарлардың сипаттамасын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы моделдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шыққан жерінің атауын және өндірушінің атауын және осы КҚ-ға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды. Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте

нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі – деп нақтыланған, осыған орай заңды белшесінен бұзған.

Жоғырадағы заңбұзушылықтарды Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының мемлекеттік қызметкерлері қарап, егжей тегжейлі тексеріп, қаншама заң бұзушылықтар орын алсада заң аясында жұмыс жасаған. Аталған басқарманың қызметкерлері, яғни конкурстық комиссия мүшелерінің заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсеткен және заңбұзушылықтарды біле тұра, қасақана келесідей әрекеттер жасады.

1. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының мемлекеттік қызметкерлері өнім беруші "СтройПроектЭКСПО" ЖШС-нің 2-ші қосымшадағы ұсынған техникалық ерекшеліктерді тексермей негізсіз артықшылықтар көрсеткен.
2. ҚР ӘҚБК 207 бабының 10 тармағына көрсетілген сараптама комиссиясының не сарапшының көрінеу жалған сараптамалық қорытынды дайындаған.
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағы 4) тармақшасында көрсетілген шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсеткен.

Мұндай жағдайда,

1. Басқарма қызметкерлері, яғни конкурстық комиссия мүшелерінің жұмысына салғырт қарағаны немесе негізсіз артық көрсеткені үшін тәртіптік жауапкершілігін облыстық тәртіптік комиссияда қарау қажет.
2. Басқарма қызметкерлері, яғни конкурстық комиссия мүшелерінің ҚР ӘҚБК 207 бабының 10 тармағын бұзғаны үшін елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қажет.
3. Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің тәртіптік комиссиясының қарауына енгізу қажет.

С Ұ Р А Н А М Ы Н:

1. Заңбұшылықтар бойынша жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тартуды және ҚР заңдарына сәйкестендіруді.
2. Конкурстық баға ұсынымына әсер ететін, критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпаратты толық қарап шартты жеңілдіктерді есептеп ұсынуын.
3. Жоғарыдағылардың негізінде заңға сәйкес **ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМАНЫҢ ЗАҢДЫ КҮШІН ЖОЙЫП, ҚАЙТАДАН ҚАРАУДЫ** сұраймын.

Қоса тігілетін құжаттар тізбесі:

1. **"СтройПроектЭКСПО"** ЖШС-нің 2-ші қосымшадағы ұсынған техникалық ерекшеліктелігің көшірмесі.
2. **"KAZ SAPA INVEST"** ЖШС-нің 2-ші қосымшадағы ұсынған техникалық ерекшеліктелігің көшірмесі.
3. Қорытынды хаттаманың көшірмесі.

«KAZ SAPA INVEST»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
директоры

К. Б. Кабулов